

Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндettі қызметтер тізбесін бекіту туралы және "Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндettі қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 16 қаңтардағы № 6 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 9 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 13 шілдеде № 33075 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 428 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі туралы ереженің 15-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндettі қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. "Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндettі қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 16 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18217 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 90-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндettі қызметтерді көрсету қағидаларында:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндettі қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 90-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шенберінде

табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің міндетті қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды."

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидалар Кодекстің 163-1-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылатын және Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтердің тізбесінде көзделген көрсетілетін қызметтерді алу рәсімін жеңілдетуге бағытталған.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жеке және заңды тұлғаларға міндетті қызметтер көрсету кезінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері ақпараттандыру объектілерін пайдаланады, сондай-ақ деректерді машинада оқылатын түрде "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілеріне ұсынады".

3. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық реңми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің Төрағасы

M. Омаров

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің
2023 жылғы 12 шілдедегі
№ 9 бұйрығымен
bekitilgen

Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар және квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндетті қызметтердің тізбесі

Ескеरту. Тізбеле өзгеріс енгізілді – ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 27.09.2024 № 7 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде табиғи монополиялар субъектілері көрсететін міндетті қызметтердің тізбесі.

P/c №	Табиғи монополиялар субъектілері көрсететін міндетті қызметтер	Табиғи монополиялар субъектілері*
1	2	3
1	Магистральдық құбыржолдардың күзет аймағында жұмыстарды жүргізуге рұқсаттар беру	<p>Қызметін:</p> <p>мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында оларды тасымалдауды қоспағанда, магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау;</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастыруши, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастыруши газ құбырлары арқылы тасымалдау аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар</p>
2	Магистральдық мұнай құбырының желілік құрылystармен қиылсысуын келісу	<p>Қызметін:</p> <p>мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында оларды тасымалдауды қоспағанда, магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау;</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастыруши, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы</p>

		тасымалдау, топтық резервуарлық қондырыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастыруши газ құбырлары арқылы тасымалдау аясында жүзеге занды тұлғалар
3	Құбыржолды колданыстағы магистральдық құбыржолға қосуға арналған немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	Қызметтін: мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында оларды тасымалдауды қоспағанда, магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау; Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сактауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сактау, жалғастыруши, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастыруши газ құбырлары арқылы тасымалдау аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар
4	Газбен жабдықтау үшін газ құбыры-бұру және газ тарату станциясын қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	Қызметтін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сактауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сактау, жалғастыруши, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастыруши газ құбырлары арқылы тасымалдау аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар
		Қызметтін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс

5	Кен орнынан газ құбырын қосуға арналған техникалық шарттар беру	жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сактауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сактау, жалғастыруши, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастыруши газ құбырлары арқылы тасымалдау аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар
6	Тұтынушылар объектілерін энергия беруші (энергия өндіруші) үйымның жылу желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
7	Таралтардың тенгерімдік тиесілігінің және пайдалану жауапкершілігінің шекараларын бөлу актісін беру	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
8	Иесі өзгерген, меншік иесі ауысқан кезде бұрын берілген таралтардың тенгерімдік тиесілігінің және пайдалану жауапкершілігінің шекараларын бөлу актісін қайта ресімдеу	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар

9	Сәйкестік туралы декларацияға кол қою (сыртқы инженерлік коммуникациялардың сәйкестігі туралы декларацияға кол қою)	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
10	Қайта жөнделген жабдықты жуу және тығыздау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қабылдау актісін беру, сондай-ақ дроссель құрылғыларын пломбалау	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
11	Алдағы жылдыту маусымына жылу тұтынатын қондырғылар мен жылу желілерінің техникалық әзірлігі актісін беру	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
12	Тұтынушының жазбаша өтініші бойынша жылу желісіне қосу/жылу желісінен ажырату	Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар

13		<p>Егер тұтынушы белгіленген тәртіппен пайдаланған жылу энергиясы үшін ақыратылса, жылумен жабдықтау жүйесіне қосу</p> <p>Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар</p>
14		<p>Жылу тұтыну жүйесін жылумен сапасыз жабдықтау тұрғысынан қарап-тексеру (тұтынушының жазбаша өтініші немесе телефонограмма бойынша)</p> <p>Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар</p>
15		<p>Жылу жүйелерін гидравликалық сынау</p> <p>Қызметін топырақтың жылуын, жерасты суларды, өзендерді, су айдындарын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылыштарының сарқынды суларын пайдалана отырып, өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар</p>
16		<p>Кірме жолдардың магистральдық және станциялық жолдарға жалғасуына келісім беру</p> <p>Қызметін:</p> <p>контейнерлермен жүктеді тасымалдау, бос контейнерлерді тасымалдау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктеді транзиттік тасымалдаулар кезінде магистральдық теміржол желісі көрсететін қызметтерді қоспағанда, магистральдық теміржол желілері;</p> <p>бәсекелес теміржол болмаған кезде концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің</p>

		объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтер аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар
17	Уәкілетті органмен келісу бойынша жолаушылар тасымалын автоматтандырылған басқару жүйесіне колжетімділікті ұсыну	Қызметін: контейнерлермен жүктерді тасымалдау, бос контейнерлерді тасымалдау және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасымалдаулар кезінде магистральдық теміржол желісі көрсететін қызметтерді қоспағанда, магистральдық теміржол желілері; бәсекелес теміржол болмаган кезде концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтер аясында жүзеге асыратын занды тұлғалар
18	Субъектінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматты жүйесінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың интеграцияланған автоматты жүйесіне қосылуына арналған техникалық шарттар беру	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
19	Сыртқы электрмен жабдықтау схемасын келісу	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
20	Мамандандырылған автокөлік құралдарын және басқа да көлемді емес жүктерді 0,4-220 кВольт әуе желілерінің астынан откізу	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
21	Тұтынушылардың отінімдері бойынша электр желілеріне қосу	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
22	Электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін пломбалуа	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
23	Электр желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
24	Қосымша қуаттылықты босатуды келісу	Қызметін электр энергиясын беру аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
25	Сумен жабдықтау және (немесе) су бүру жүйелеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет	Қызметін сумен жабдықтаудың және (немесе) су бүрудың аясында

	көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
26	Тұтыну объектілерін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне косуға рұқсат беру	Қызметін сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
27	Су өлшеуіш торабының айналма сыйығының тиекті арматурасында суды коммерциялық есепке алу аспаптарын пломбалау	Қызметін сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
28	Тенгерімдік тиесілігін бөлу шекарасының актісін беру (сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тенгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары бойынша акт)	Қызметін сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың аясында жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
29	Реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар беру	Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар
30	Сынақ режимінде апробация нәтижелері бойынша суды коммерциялық есепке алудың ақпараттық-өлшеу жүйесін пайдалануға рұқсат беру	Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер, занды тұлғалар

Ескертпе:

* міндettі қызметтер көрсететін табиғи монополиялар субъектілері бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган қалыптастырытын табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне сәйкес айқындалады.

2. Бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндettі қызметтер тізбесі.

P/c №	Квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсететін міндettі қызметтер	Квазимемлекеттік сектор субъектілері
1	2	3
1	Халықаралық және респубикалық маңызы бар автомобиль жолдарында қызмет көрсету объектісі мен басқа да құрылыш тұрларін салуға жер учаскелерін тандауды келісу	Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор
2	Телекоммуникация желілерінің күзет аймақтарында жұмыс	Телекоммуникация саласында қызметін жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор

	жүргізуге техникалық шарттар беру	субъекттілері (байланыс желісін/ құрылышын пайдаланатын үйымдар)
3	Құрылыш жобаларын әзірлеу, сондай-ақ елді мекен аумағында инженерлік желілер мен телекоммуникация құрылыштарын жобалау бойынша техникалық шарттар беру	Телекоммуникация саласында қызметтің жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъекттілері (инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілер)
4	Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жергілікті жобаларының бизнес-жоспарлары мен конкурстық құжаттамасының сараптамасы	Жергілікті атқарушы органдар сараптама жүргізуге уәкілеттік берген занды тұлғалар
5	Концессиялық жобалардың, концессия шарттарының конкурстық құжаттамасының, концессиялық өтінімдердің сараптамасы	Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығы, жергілікті атқарушы органдар сараптама жүргізуге уәкілеттік берген занды тұлғалар
6	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесінің экономикалық сараптамасы	Жергілікті атқарушы органдар сараптама жүргізуге уәкілеттік берген занды тұлғалар
7	Нысаналы трансфертер мен республикалық бюджеттен бөлінетін кредиттер есебінен қаржыландыру жоспарланған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерінің экономикалық сараптамасы	Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығы, жергілікті атқарушы органдар сараптама жүргізуге уәкілеттік берген занды тұлғалар
8	Жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен занды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің катысуы арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялардың экономикалық сараптамасы	Жергілікті атқарушы органдар сараптама жүргізуге уәкілеттік берген занды тұлғалар
9	Ветеринариялық анықтама беру	Мемлекеттік ветеринариялық үйымдар